

технологиялар-экономикалық серпілістің ең оңтайлы тәсілі. Оны қолдана отырып, дамудың жаңа кезеңіне қадам жасау-біздің халқымыз үшін басты міндеттердің бірі. Мемлекет басшысы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауында еліміздің дамуы үшін өндіріске озық технологиялар мен инновацияларды енгізу және 3D басып шығаруды, онлайн-сауданы, мобильді банкингті, денсаулық сақтауды, білім беруді және басқа да маңызды салаларды дамыту қажеттігін атап өтті. Елімізде жаңа технологияларды үздік игеру үшін қабылданған "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы төрт бағыт бойынша іске асырылуда. Бірінші бағыт – селарегионды кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету және Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру.

Екінші бағыт – экономика салаларында цифрлық технологияларды енгізу: Көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, Ауыл шаруашылығы және электрондық сауда.

Үшіншісі-мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру, төртіншісі -Т мамандарын даярлау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Прохоров А., Коник Л. Цифровая трансформация. Анализ, тренды, мировой опыт. — М.: ООО «КомНьюс Груп», 2019. — 368 б.

2. Бутенко Екатерина Дмитриевна. Обзор определение цифровой экономики. мнения, взгляды, оценки - Вестник Северо-Кавказского федерального университета. 2020. № 3 (78)

3. Сұлтан Бағдат Сұлтанқызы «Сандық Қазақстан» моделі: қазіргі заман келбетіндегі болашақ» 14.02.2021 <https://bugin.kz/18227-sandyq-qazaqstan-modeli-qazirgi-zaman-kelbetindegi-bolashaq>

4. М.Ш. Алинов. Сандық экономиканың негіздері / Основы цифровой экономики: оқу құралы /- Алматы: «Бастау», 2020. - 248 бет.

5. Государственной программы «Цифровой Казахстан», утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 г. № 827 с изменениями и дополнениями на 2020г.

6. Нурғалиева А.А. ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары –17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар - 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 183 -186

7. Қазақстан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы 01 қыркүйек, 2020 жыл ІХ. Цифрландыру – барлығының негізгі элементі.

8. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми ақпараттық ресурсы. <https://www.gov.kz/>

9. Закон об информатизации РК от 11.01.2007 г (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.12.2014 г.) ст 11-13

Қазақстандағы цифрлық экономика жағдайы

М.Ә. Нұржан¹, А.Г. Жангельдыевна²

¹Экономика және халықаралық бизнес кафедрасының оқытушысы, э.ғ.м.,

²«Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс студенті

Madina.kz_1997@mail.ru, akserkinagulsahara@gmail.com

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме : Цифрлық трансформация бизнесті жүргізу барысында дәстүрлі және ескірген әдістерді, соңғы цифрлық деңгейге толығымен ауыстыру процесі. Бұл инновация тек технологияға ғана емес, бизнестің барлық аспектілеріне әсер етеді.Цифрлық

трансформация – бұл ұйымның цифрлық технологияларды енгізу процесі. Цифрлық трансформация сатылымдар мен бизнестің өсуін жылдамдатуға немесе таза коммерциялық емес ұйымдардың тиімділігін арттыруға арналған. Мақалада Қазақстандағы цифрлік экономика бойынша атқарылған іс – шаралар, «Цифрлік Қазақстан» бағдарламасы қарастырылған.

Кілт сөздер: экономика, цифрлық трансформация, «Цифрлық Қазақстан», рейтинг, инфрақұрылым, адам капиталы.

Цифрлық трансформация дегеніміз - бизнесті жүргізу барысында дәстүрлі және ескірген әдістерді, соңғы цифрлық деңгейге толығымен ауыстыру процесі. Бұл инновация тек технологияға ғана емес, бизнестің барлық аспектілеріне әсер етеді. Цифрлық трансформация – бұл ұйымның цифрлық технологияларды енгізу процесі. Цифрлық трансформация сатылымдар мен бизнестің өсуін жылдамдатуға немесе таза коммерциялық емес ұйымдардың тиімділігін арттыруға арналған [1]. «Цифрлық экономика» терминін алғаш рет 1995 жылы Массачусетс университетінің информатигі Николас Негропonte қолданған. Экономика ғылымдарының докторы, Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Владимир Викторович Иванов: «Цифрлық экономика - бұл біздің шындықты толықтыратын виртуалды орта»- деп атап өткен [2].

Соңғы онжылдықта елімізде цифрлық экономика айтарлықтай дамуда. Экономиканың жекелеген секторларындағы трансформациялар, еңбек нарығының трансформациясы, қолжетімділік деңгейін арттыратын инфрақұрылымдық мемлекеттік жобаларды іске асыру, халыққа және бизнеске цифрлық қызмет көрсетуді одан әрі дамуы цифрлық трансформацияның одай сайын дами түсетінінің белгісі екені сөзсіз.

Экономиканың заманауи цифрлық трансформациясы инновациялық білімді, құзыреттіліктерді және желінің дамуын талап етеді. Экономикалық процестерді технологиялық жаңғырту қоғамның кәсіби мамандарға деген сұранысының өзгеруін тудырады. Қазіргі уақытта ұйымда табысты болғысы келетін әрбір маман арнайы «цифрлық» құзыреттерге ие болуы керек. Цифрлық білім беру және цифрлық мәдениетті дамыту, білім беру бағдарламаларының стратегиясы мен форматын жаңғырту цифрлық трансформацияның негізгі факторына айналуға. Экономикалық дамудың цифрлық үлгіге өтуі білімді қажет ететін өндірістің, білімнің, технологиялардың құзіреттілігін жоспарлайды [3].

XXI ғасыр технологиялар ғасыры болғандықтан, бұл бағытты дамыту мақсатында елімізде «Сандық Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылып отыр. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты азғантай уақыт аралығында еліміздің экономикасы дамыту, цифрлық технологиялардың көмегімен қоғамның өмірін жақсарту, және де ұзақ уақыт аралығында еліміздің экономикасын және де еліміздің болашағының сандық экономикасын құру жоспарларын қамту болып табылады.

Бұл бағдарлама келесі іс- шараларды жоспарлауда:

Еліміздегі инфрақұрылымды жақсарту, дамыту ;

Еліміздегі адам капиталын дамыту;

Еліміздегі экономиканы цифрландыру;

Еліміздегі қызмет көрсету жұмыстарындамыту [4].

«Сандық Қазақстан» бағдарламасы екі бағыт бойынша дамиды. Ол «Қолданыстағы экономиканы сандық бағалау» және «Болашақтың сандық дамуын қалыптастыру» бағыттары.

«Қолданыстағы экономиканы сандық бағалау» - белгілі алаңдағы белгілі, нақты жобалардан тұратын, экономиканың қолданылып жатқан салаларын, еліміздегі құрылымдарды цифрландыру сондай-ақ сандық технологияны дамытуды қамтамасыз ету.

«Болашақтың сандық дамуын қалыптастыру» - елімізде тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ адам капиталын жақсарту, жаңарту институттарын қалыптастыру және тұтастай цифрлық экожүйенің ілгерінді дамуы арқылы еліміздің цифрлық түрленуін енгізу.

Бұл бағдарлама еліміздегі салаларды технологиялық жағынан жаңғыртуға қосымша үлес қосады. Еліміздегі еңбек өнімділігінің дамуына септігін тигізеді.

«Сандық Қазақстан» бағдарламасының негізгі бағыттары келесідей:
«Экономиканың секторларын цифрландыру»
«Сандық жағдайға өту»
«Сандық ЖібекЖолын енгізу»
«Адам капиталын дамыту»
«Инновациялық экожүйені құру»

Бұл экономиканың бес бағытыбойынша 17 бастамалар және жүзден астам жұмыстаржүзеге асты, бұл болашақ цифрлық секторды ұйымдастыру үшін бастама болып есептелінеді. Сондай-ақ бұл бағдарлама барысында 30 дамыған мемлекеттердің қатарына кіру үшін 2050 жылға дейін инновациялық эконмиканы құру жоспарлануда. Цифрлық технологияларды пайдалану, негізгі салалардыңжақсаруына, олардың нарықта бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға, өнімділігін арттыруға үлесін қосады. Сондай-ақ, бұл бағытта өнімділіктің дамуы үшін «Өнеркәсіп 4.0» қолданылатын жана іс –шаралар жоспарлануда [5].

Жан-жақты цифрлық трансформация идеясы жаһандық сипатқа ие және де көптеген елдердің экономикалық дамуында цифрлық технологиялар маңызды рөл атқаруда. 15-тен астам ел әлем цифрландырудың ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруда: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Жаңа Зеландия.

Қытай өзінің «Internet Plus» бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлі индустриямен біріктіруде. Сингапур «ақылды экономиканы» қалыптастыруда. Канада Торонтода АКТ құруда. Оңтүстік Корея «Креативті экономика» бағдарламасында адам капиталын дамытуға , АКТ- нің жетістіктерін таратуға баса назар аударады. Ал, Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударады. Әр түрлі мемлекеттер цифрлық даму барысында, әр түрлі мақсаттарды, алғышарттарды қоюда. Бұл тұста Қазақстанда шетте қалған жоқ. Ақпараттық экономикаға көшу қажеттілігінен Қазақстанда жоғарыда атап өткеніміздей «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын қалыптастырды. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен № 827 2017 жылғы 12 желтоқсан күні бекітілген.

Қазақстан үшін дәстүрлі экономиканы тез арада заманауи экономикаға айналдыру өте маңызды. Бұл дамудың негізгі жолы. Әйтпесе, одан әрі әлеуметтік, экономикалық дағдарыстар болуы мүмкін. Оның салдарынан саяси әркелкілік туындап, бұл өз кезегінде әлемнің озық елдерінен әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалуына себеп болуы мүмкін.Қазақстанда бір қатар цифрландыру жұмыстары жүзеге асып жатыр. Олардың қатарында жер ресурстарын цифрландыру жұмысы жүргізіліп жатыр.Жер ресурстарын цифрландыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жер қатынастары және сәулет саласы бойынша қызметтерді электронды түрде көрсетуге арналған, ашық пайдалануға болатын цифрлық карта жасалады.

Мемлекеттік бағдарламаның жаңартылған нұсқасында 15 индикатор, 67 көрсеткіш және 270 іс –шаралар жоспарлануда. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2025ж. мемлекеттік қызметтерді 100% онлайн форматқа көшіру, цифрландыру саласындағы инвестиция көлемін 500 млрд теңгеге жеткізу, АКТ және электрондық өнеркәсіп экспорты – 200 млрд теңгеге дейін, 1 мыңнан астам жаңа инновациялық компанияларды құруға үлес қосу және 100 мың АКТ маманын дайындау жоспарлануда [6].Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында цифрландыру барлық реформалардың негізгі элементі және ұлттық бәсекелестік қабілеттілігіне жетудің негізгі құралы екенін атап өтті[7]. ҚР ХҚКО «Цифрлық құжаттар» сервисін енгізді, ол 9 түрлі құжаттардың цифрлық түрін ұсынады: Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, некені тіркеу немесе бұзу, баланың туу куәлігі, жүргізуші куәлігі, ЖОО диплом, студенттің билеті, ПТР сынағының нәтижесі [8].

ҚР Ұлттық банкі Қазақстан Республикасында Орталық банктің цифрлық валютасын енгізу мәселесін зерделеу бойынша жұмыс жүргізуде. Қазақстан Ұлттық Банкі 28 басқа елдердің орталық банктерімен бірге цифрлік валютаны енгізу бойынша жұмыс жасайды.

Сондай-ақ Ұлттық Банк Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдеріндегі Канада, Сингапур т.б. цифрлық валюта енгізу бойынша, пилоттық жобаларда бақылаушы болып табылады.

Балаларды оқу орындарына қабылдау толықтай электрондық форматта жүзеге асырылды. Сонымен қатар, толықтай кәсіптік білім беру орындарына, отбасылар мен балаларға қызмет көрсету орталықтары цифрлік жүйеге өткен. Бұл сала бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында Нұрсұлтан Назарбаев фонды арнайы университет – Astana IT University құрды [9].

Жалпы бүкіл әлем бойынша цифрлік экономика дамып жатыр. Әрине көрсеткіштер барлық мемлекеттерде біркелкі емес. Сол себепті мемлекеттерді цифрлік экономика бойынша: дамыған, дамушы, бір қалыпты және дамымай жатқан деп қарастыруға болады.



1 сурет. Дамыған елдердің алғашқы ондығындағы елдер.

Е С К Е Р Т П Е - [10] сілтемедегі әдебиет

Қазақстан IMD Digital Competitiveness Ranking - 2021 рейтингінде 32 орынға көтерілді. Еліміз «Технология» және «Болашаққа дайын» осы екі позициясы бойынша алда келе жатыр. IMD Digital Competitiveness Ranking – бұл елдердің мемлекеттік саясатты, бизнес үлгілерін және тұтастай қоғамды өзгертуге әкелетін цифрлық технологияларды қаншалықты меңгергенінің дәрежесін бағалайтын зерттеудің нәтижесі.

Қазақстан Чехия (33-орын), Португалия (34-орын), Словения (35-орын), Сауд Арабиясы (36-орын), Латвия (37-орын), Италия (40-орын), Польша (41-орын) сияқты елдерді цифрлық экономика тұрғысынан озған.



2 сурет. Қазақстанның цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі позициялар

Е С К Е Р Т П Е - [11] сілтемедегі әдебиет

Цифрлық экономика заманауи бизнесті жылдам өзгертуде. Экономиканы цифрландыру стратегиясы өндіріс ауқымын кеңейтуге, кәсіпорындардың нарықтық құнының өсуіне, өндіріс құралдары мен еңбекті материал саласында да тиімді пайдалануға, өндіріс пен қызмет көрсету секторларының дамуына ең бастысы, бәсекелестіктің артуына ықпал етеді [11].

Әдебиеттер тізімі:

1. Прохоров А., Коник Л. Цифровая трансформация. Анализ, тренды, мировой опыт. — М.: ООО «КомНьюс Групп», 2019. — 368 б.
2. Бутенко Екатерина Дмитриевна. Обзор определение цифровой экономики. мнения, взгляды, оценки - Вестник Северо-Кавказского федерального университета. 2020. № 3 (78)
3. Сұлтан Бағдат Сұлтанқызы «Сандық Қазақстан» моделі: қазіргі заман келбетіндегі болашақ» 14.02.2021 <https://bugin.kz/18227-sandyq-qazaqstan-modeli-qazirgi-zaman-kelbetindegi-bolashaq>
4. М.Ш. Алинов. Сандық экономиканың негіздері / Основы цифровой экономики: оқу құралы /- Алматы: «Бастау», 2020. - 248 бет.
5. Государственной программы «Цифровой Казахстан», утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 г. № 827 с изменениями и дополнениями на 2020г.
6. Нурғалиева А.А. ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары –17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар - 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 183 -186
7. Қазақстан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдаусы 01 қыркүйек, 2020 жыл IX. Цифрландыру – барлығының негізгі элементі.
8. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми ақпараттық ресурсы. <https://www.gov.kz/>
9. Ресми ақпараттық ресурсы <https://astanait.edu.kz/>
10. Ресми ақпараттық ресурсы <https://d-russia.ru/rejting-stran-po-vychislitelnoj-moshhnosti-kitajskaja-versija.html#:~:text>
11. Ресми ақпараттық ресурсы https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=3380

Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда блокчейн құралын қолдану және оның құқықтық мәселелері

А.Ж.Орынбасарова

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы басқару институтының магистранты
Z.Orynbasarova@apa.kz

Түйіндеме. Соңғы онжылдықта әлемде блокчейн технологиясына деген қызығушылық күннен күнге артуда. Мұның функционалдық қасиеттері, деректердің өзгермейтіндігі, ашықтығы мемлекет тарапынан қызығушылығын оята бастады. Осы мақалада білім саласындағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты жетілдіруде блокчейн құралын қолдану және оның құқықтық мәселелеріне талдау жүргізіледі.

Кілт сөздер: білім беру, блокчейн

Бүгінде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі білім саласында жүзеге асырылып жатқан саясат және білім сапасының маңыздылығы. Жалпы білім беру жүйесі дегеніміз бұл мектепке дейінгі білім беру, жалпы білім беру, кәсіптік білім беру және жоғарғы оқу орындары сияқты әртүрлі институционалдық құрылымдарды біріктіретін модель, бұлардың ортақ мақсаты - студенттер мен оқушыларға сапалы білім беру. Әр елде білім беру жүйесінің бірқатар ерекшеліктері бар, бірақ тұтастай алғанда бұл сапалы, уақтылы және тегін білім алу мүмкіндігіне кепілдік береді. Қазақстанда білім беру бағдарламалары мазмұны мен міндеттеріне қарай 3-ке бөлінеді: жалпы білім беру, кәсіптік және қосымша білім беру. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы жеке адамның мәдениетін қалыптастыру,